



18/1-218 01.09.2026



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.С. Сейтжанова
2026 ж.

**«ОҚМА» АҚ СТУДЕНТТІК ҒЫЛЫМИ ҚОҒАМЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Е 305-2026

Мерзімі	Көшірмесі	Басылым
		Үшінші

Шымкент

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі		Е 305-2026
«ОҚМА» АҚ студенттік ғылыми қоғамы туралы ереже		3-ші басылым 11 беттің 2 беті

1. «ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ҰСЫНҒАН.

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен БЕКІТІЛДІ.

Кезеңдік тексеру мерзімі – 3 жыл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі		Е 305-2026
«ОҚМА» АҚ студенттік ғылыми қоғамы туралы ереже		3-ші басылым 11 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР	4
3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	5
4 ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ	6
5 НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	6
6 НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ	8
7 СҒҚ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ	8
8 ЖАУАПКЕРШІЛІК	9
9 БАСҚА ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ТӘРТІБІ	9
10 ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМНЫҢ БІРІЗДІЛІГІ	10

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі		E 305-2026
«ОҚМА» АҚ студенттік ғылыми қоғамы туралы ереже		3-ші басылым 11 беттің 4 беті

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ереже Қазақстан Республикасында күші бар заңнамаларды, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім және министрлігінің нормативтік ұйымдастырушылық өкімдік құжаттарды, «ОҚМА» АҚ Жарғысын, «ОҚМА» АҚ ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

- Академиялық адалдық кодексі К 121-2023;
- «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі Е 507-2026 «ОҚМА»;
- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;
- ҚР СТ ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;
- СТ 002-2024. Ішкі нормативтік құжаттарын басқару;
- СТ 003-2024. Ұйымдастыру құжаттарын басқару;
- СТ 011-2024. Персоналды басқару;
- СТ 012-2025 Профессор-оқытушылар құрамының, әкімшілік-басқару персоналының және ғылыми қызметкерлердің біліктігін арттыру;
- СТ 023-2024. «ОҚМА» АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттарын.

2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Ережеде мынадай терминдер, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

Ғылыми-зерттеу жұмысы ғылыми жаңалыққа қол жеткізу және қосымша құндылықтарды алу мақсатында жүзеге асырылатын бекітілген тақырып бойынша жоспарланған ғылыми зерттеулер мен іс-шаралар.

Академиялық адалдық - бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA - 1979 - MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі		E 305-2026
«ОҚМА» АҚ студенттік ғылыми қоғамы туралы ереже		3-ші басылым 11 беттің 5 беті

- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы.

Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет.

Жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам.

Жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

Білім беру имандылық, зияткерлік, мәдени, тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі.

- | | |
|-----------|--|
| «ОҚМА» АҚ | – «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» |
| | Акционерлік қоғамы, |
| БАҚ | – бұқаралық ақпарат құралдыры, |
| ҒЗЖ | – ғылыми-зерттеу жұмыстары, |
| ҚР ДСМ | – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау |
| | министрлігі, |
| ЖОО | – жоғарғы оқу орны, |
| ПОҚ | – профессорлық оқытушылық құрам, |
| СҒҚ | – студенттік ғылыми қоғам, |
| СҒҮ | – студенттік ғылыми үйірме. |

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамының (әрі қарай – «ОҚМА» АҚ) студенттік ғылыми қоғамы (СҒҚ) Ғылыми кеңес шешімімен құрылады және ғылыми-зерттеу, ұйымдастыру жұмыстарына белсене қатысатын, сондай-ақ өз ғылыми жұмыстарын жергілікті, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі конференцияларға, БАҚ-қа, СҒҚ мәжілістеріне ұсынатын студенттерді біріктіретін қоғам болып табылады. СҒҚ студенттердің арнайы дайындық сапасын артыруға ықпал етеді, болашақ мамандардың жалпы және кәсіби көзқарасын кеңейтеді, оқытылатын материалдарды өз бетінше терең және шығармашылықпен сіңіруге үйретеді, «ОҚМА» АҚ профессорлық-педагогикалық құрамының ғылыми педагогикалық кадр әлеуетін резервін құрайды.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі		E 305-2026
«ОҚМА» АҚ студенттік ғылыми қоғамы туралы ереже		3-ші басылым 11 беттің 6 беті

4 ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Студенттік ғылыми қоғамының ұйымдастыру құрылымы келесі сызбада көрсетілген.



4.1 СҒҚ мүшелігі. СҒҚ мүшелігіне ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын және осы жұмыстарын ғылыми конференцияларда, үйірме отырысында, ғылыми басылымдарға беріп, нәтижелерін көпшілік назарына ұсынып отыратын студенттер кіре алады.

4.2 СҒҚ-ның құрылымдық бірлігі студенттердің ғылыми үйірмесі (СҒҮ) болып табылады. СҒҮ «ОҚМА» АҚ кафедралары жанынан құрылады. Үйірме жұмысының жоспары мен ғылыми-зерттеулерінің тақырыбы сол кафедраның ғылыми зерттеулері тақырыбымен сәйкес жасалады.

4.3 СҒҚ қызметіне ғылыми жұмыстар бөлімі меңгерушісі және ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректор жалпы басшылық жасайды.

5 НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1 СҒҚ мақсаты қазіргі ғылымды игеріп, соның жетістігін тәжірибеде қолдана алатын болашақ маман дәрігерлер, провизорлар мен әлеуметтік қызметкерлердің дайындық сапасын арттыру болып табылады.

5.2 СҒҚ келесілерге міндетті:

OŇTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі		E 305-2026
«ОҚМА» АҚ студенттік ғылыми қоғамы туралы ереже		3-ші басылым 11 беттің 7 беті

- студент жастардың өз ойларын ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау түрінде жеткізе алу әлеуеттілігін белсенділендіруге;

- фармацияда, медицинаның түрлі салаларында, оның ішінде әлеуметтік медицина, еңбек гигиенасы, экология, қоғамдық денсаулық сақтаудағы ғылыми-зерттеулерді насихаттауға;

- лауазымына, құзыреттілігіне қарамастан білім алушылармен әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті;

- жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

5.1.1 Студенттерді оқыту:

- ғылыми-зерттеу жұмыстарына өз бетінше дағдылануға, сонымен қатар ауруды диагностикалау, емдеу және алдын алудың жаңа әдістерін меңгеруге;

- біріншілік ғылыми материалды жинау, өңдеу, статистикалық талдау жасауға;

- зертханалық және клиникалық зерттеулер әдісіне, жаңа медициналық аппаратураларды меңгеруге;

- ғылыми қорытынды жасауға, материалды тезис, конкурстық жұмыс, мақала, постер, баяндама, т.б ретінде ресімдеуге;

- ғылыми зерттеу нәтижесін көпшілік алдында жариялауға.

5.2.2 ЖОО-ға жоғарғы білікті дәрігерлер мен фармацевтерді дайындауға ықпал ету.

5.2.3 Денсаулық сақтау тәжірибесіне медицина ғылымының жетістіктерін енгізуге ықпал ету.

5.2.4 Білім алушылардың ҒЗЖ бойынша нәтижелерін талқылауға арналған ғылыми конференциялар, съездер, форумдар, дөңгелек столдар, т.б., ұйымдастырып, өткізу.

5.2.5 Студенттердің ғылыми жұмыстары бойынша оқу орны ішкілік байқаулар ұйымдастырып, өткізу.

5.2.6 ҚР және шет мемлекеттердегі ЖОО-лармен байланыс орнату. Тәжірибе алмасу мен бірлесе қызмет атқару үшін СҒҚ халықаралық байланысты кеңейту.

5.2.7 Республикалық және халықаралық конференцияларға «ОҚМА» АҚ студенттерінің делегациясын топтастыру.

5.2.8 Студенттер арасынан ғылыми қызметке ынтасы барларын тауып, оларды қолдап отыру.

5.3. СҒҮ төрағасы міндеті:

- үйірменің ғылыми жетекшісімен бірлесе отырып үйірме жұмысының жоспарын түзіп, оны СҒҚ басқармасына ұсынуға;

OÑTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі		E 305-2026
«ОҚМА» АҚ студенттік ғылыми қоғамы туралы ереже		3-ші басылым 11 беттің 8 беті

- үйірме мүшелерінің ғылыми жұмыстарының жоспарын мерзімінде орындауға ықпал етуге;
- СҒҮ жұмысы туралы жыл сайын есеп беруге;
- ұйымдастыру жұмысын жүйелі жүргізіп, үйірмеге жаңа мүшелер тартып, ол туралы СҒҚ басқармасына ақпарат беруге;
- үйірме мүшелерін СҒҚ өткізетін барлық іс-шараға белсене қатысуын қамтамасыз етуге.

5.4. СҒҚ мүшелері мәжілістерге қатысып, жұмысына белсене араласуға, төрағаның СҒҚ мәжілісіне мәселелер дайындау (баяндама, реферат, т.б.) бойынша тапсырмасын орындауға міндетті.

6 НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ

6.1 СҒҚ-ның құрылымдық бірлігі ретінде құрылған СҒҮ қызметі келесі принциптерді ұстанады. Студенттердің таңдаған пәні бойынша оқу материалдарын терең білу: ғылыми жұмыс істеу қағидасын меңгеру, экспериментальді және клиникалық зерттеудің әдістері мен тәсілдерін оқып үйрену.

6.2 СҒҚ төрағасы ағымдағы жылдың 10 қыркүйегіне дейін оқу жылы бойынша жоспарланған СҒҚ мүшелері қатысатын конференциялар және білім алуышлар туралы ақпаратты Ғылымдық кеңеске ұсынады.

6.3 СҒҮ міндеттерін жүзеге асыру үшін:

- кафедраға оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырып, өткізуге көмек көрсетеді;
- студенттердің ғылыми жұмыстары бойынша ұйымдастырылатын конференцияларға, көрмелерге, конкурстарға қатысады;
- айына кемінде бір рет үйірме отырысын өткізеді, онда СҒҚ-ға ұсынылған ғылыми баяндамаларды, рефераттық мәлімдемелерді талқылайды, үйірме жұмысын жыл сайынғы есеп беру түрінде жариялап отырады;
- үйірмеге озат студенттерді тартады;
- белсенді үйірме мүшелерін СҒҚ-ға кіруге ұсыныс білдіреді.

6.4 СҒҮ қызметіне СҒҮ төрағасы тікелей басшылық жасайды. СҒҮ төрағасы үйірме отырысында жалпы дауыспен СҒҚ ғылыми жетекшісінің ұсынысымен сайланады, СҒҚ басшысы бекітеді.

7 СҒҚ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

СҒҚ мүшелері қабылданған шешімдерге сәйкес немесе СҒҚ төрағасының тапсырмасы бойынша мыналарға құқылы:

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі		E 305-2026
«ОҚМА» АҚ студенттік ғылыми қоғамы туралы ереже		3-ші басылым 11 беттің 9 беті

- «ОҚМА» АҚ құрылымдық бөлімдерінің басшысынан СҒҚ отырысында қарастыратын мәселелер үшін қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға;
- жекелеген мәселелер бойынша СҒҚ шешімдерінің жобаларын қарастырып, дайындау үшін тұрақты және уақытша комиссия жұмыстарына қатысуға;
- қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда СҒҚ мәжілісі хаттамасына арнайы жазба қалдырып, өзінің ерекше ойын білдіруге құқылы.

8 ЖАУАПКЕРШІЛІК

СҒҚ жұмысына төраға мыналарға жауапты:

- ғылымдық кеңеске ұсынылатын ақпараттың шынайылығына СҒҚ төрағасы жауапты;
- СҒҚ мәжілісінің хаттамасын жүргізуге хатшы жауапты;
- қызметкер жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады;
- жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады.

9 БАСҚА ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ТӘРТІБІ

СҒҚ жұмысын ғылыми жұмыстар бөлімі меңгерушісі және ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректор үйлестіреді.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының тиімділігін реттейтін құжаттар СҒҰ-де қаралып, СҒҚ-ға ұсынылады. СҒҚ жұмыстарымен байланысты қажетті материалдық шығындар бюджеттік және бюджеттен тыс қаржы көздерінен жүзеге асырылады, олардың жоспары мен бөлінетін қаржысын ректор үйлестіреді. Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен СҒҚ ұйымдастыру ісіндегі жетістіктер үшін студенттер «ОҚМА» АҚ грамоталарымен, СҒҚ дипломдарымен және ақшалай, заттай марапатталады, сондай-ақ студенттік ғылыми конференцияларға жолдама беріледі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі		Е 305-2026
«ОҚМА» АҚ студенттік ғылыми қоғамы туралы ереже		3-ші басылым 11 беттің 10 беті

10 ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМНЫҢ БІРІЗДІЛІГІ

СҒҚ Ережесіне қосымша мен өзгерістер енгізу СҒҚ ұсынысымен «ОҚМА» АҚ ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректорымен бірлесе отырып, СҒҚ мәжілісінде жүзеге асырылады.

СҒҚ «ОҚМА» АҚ-ның Ғылымдық кеңесіне бекітілген мерзімінде келесі есептік және жоспарлық құжаттарды ұсынады.

СҒҚ жұмысының оқу жылына арналған жоспарын ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне дейін.

СҒҚ жұмысы жөніндегі есепті ағымдағы жылдың 20 маусымына дейін.

Осы ереже «ОҚМА» АҚ ректоры қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі		Е 305-2026
«ОҚМА» АҚ студенттік ғылыми қоғамы туралы ереже		3-ші басылым 11 беттің 11 беті

Әзірлеген:

Лауазымы	Аты-жөні
Ғылыми жұмыстар бөлімінің меңгерушісі	Мухамедияров М.Н.

Тексерген:

Лауазымы	Аты-жөні
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Ержанов Н. А.
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О. А.

Келісілген:

Лауазымы	Аты-жөні
Комплаенс офицер	Пернебаев Н.Е.
Ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректор	Аукенов Н.Е.

Лист согласования и подписания

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Мухамедияров Майдан Нагашыбаевич	Разработано	25.08.2026, 11:11:35	Без замечаний	
Ержанов Нурлан Амирович	Проверено	31.08.2026, 17:46:22	Без замечаний	
Кабиштаев Орынбасар Абдукаримович	Проверено	27.08.2026, 16:50:03	Без замечаний	
Пернебаев Нургали Алиханович	Согласовано	27.08.2026, 09:10:14	Без замечаний	
Аукенов Нурлан Ерденович	Согласовано	27.08.2026, 15:15:03	Без замечаний	
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Подписано	31.08.2026, 18:23:51	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556
Ержанов Нурлан Амирович	Зарегистрировано	01.09.2026, 14:03:42	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, ЕРЖАНОВ НУРЛАН, Акционерное общество «Южно-Казахстанская мед

